

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

1. General information about SCO // The Shanghai cooperation organization [Электронный ресурс] URL: <https://eng.sectsc.org/20170109/192193.html>
2. 20 лет ШОС: взгляд из Казахстана // Международное информационное агенство «Казинформ» [Электронный ресурс] URL: [https://www.inform.kz/ru/20-let-shos-vzglyad-iz-kazahstana\\_a3801112](https://www.inform.kz/ru/20-let-shos-vzglyad-iz-kazahstana_a3801112)
3. What's behind Kazakhstan chairing six international organizations in 2024 // “Kazinform” International News Agency [Электронный ресурс] URL: <https://en.inform.kz/news/whats-behind-kazakhstan-chairing-six-international-organizations-in-2024-1881db/>
4. В Алматы состоялось первое заседание Совета национальных координаторов государств-членов ШОС // Министерство иностранных дел Республики Казахстан [Электронный ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/607519?lang=ru>
5. Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в заседании Совета глав государств – членов ШОС // Официальный сайт Президента Республики Казахстан [Электронный ресурс] URL: <https://akorda.kz/ru/prezident-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-v-zasedanii-soveta-glav-gosudarstv-chlenov-shos-463316>
6. Satubaldina A. Kazakhstan's SCO Chairmanship: Enhancing Regional Cooperation, Unlocking Economic Potential // The Astana Times [Электронный ресурс] URL: <https://astanatimes.com/2023/08/kazakhstans-sco-chairmanship-enhancing-regional-cooperation-unlocking-economic-potential/>
7. UN E-Government Knowledgebase, Country Data [Электронный ресурс] URL: <https://publicadministration.un.org/egovkb/Data-Center>
8. Kazakhstan Launches Digital Platform for Artificial Intelligence // Astana hub [Электронный ресурс] URL: <https://astanahub.com/en/article/v-kazakhstane-startovala-tsifrovaia-platforma-po-iskusstvennomu-intellektu>

ӘОЖ 341.321.32

## ЖЕКЕ ӘСКЕРИ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ МОБИЛИЗАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСҚА ҚОСАР ӘСЕРІ

**Алимжанова Толғанай Кайратқызы**

[a.tolganai@inbox.ru](mailto:a.tolganai@inbox.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р.С. Елмурзаева

Әрине, қорғаныс және әскери-экономикалық әлеуеттің ең маңызды элементін әрқашан да адам ресурстары құрайды. Мұндағы басты көрсеткіш – соғыс қаупі туғандағы әскерге шақыртуға жарамды халық саны. Бейбіт уақытта оның мөлшері жалпы халық санының 1%-ы мен соғыс уақытында 10-20%-ына дейін өсе түседі.

Қорғаныс қауіпсіздігі мен мобилизациялық мүмкіндіктер тұрғысынан тек сандық көрсеткіштер ғана емес, сапалық өлшемдер де үлкен маңызға ие. Олардың ішіндегі маңыздыларын атап айтсақ: халықтың денсаулығы, жалпы білім деңгейі, моральдық-психологиялық жағдайы, жалпы және оның ішінде еңбекке қабілетті халықтың жас құрылымы ж.т.б.

Бұл мақалада көбіне Ресей Федерациясының тәжірибесі, және Украина сияқты елдердің тәжірибесінің кей тұстары сараланатын болады. Әскерге шақыру нормалары РФ Президентінің жарлықтарымен жыл сайын белгіленіп отырады. Әскерге алынғандар саны көрсетілген алғаш құжат – 1994 жылы 15 сәуірде жарияланған президент Борис Ельциннің жарлығы – бойынша, әскерге 216 мың

адамды шақырту жоспарланған еді. Жалпы қарағанда, Ресейде әскерге жұмылдыру процедурасы «Ресей Федерациясындағы мобилизациялық дайындық және мобилизация туралы» 1997 жылғы 26 ақпандағы N 31-ФЗ Федералдық заңы аясында іске асады[1].

Айта кету қажет, 2012 жылғы 30 желтоқсандағы 288-ші федералдық заңда көрсетілгендей, «мобилизациялық адам ресурстары» және «мобилизациялық адами резерві» ұғымдарын ажырату керек.

Жалпы мобилизациялық адами ресурс әскери қызметті алып жүрі бойынша шектеулері жоқ, жасы сәйкес барлық адам кіреді. Ал мобилизациялық адами резервке келетін болсақ, бұл санатқа көбінесе контракт бойынша келіскен адамдар жатады. Біріншісі Қорғаныс министрлігі басшысы С.Шойгу сөзінше, 25 миллионға жуық адамды құраса, резервистер саны депутат Андрей Картаполовтың сөзінше, 2 миллионға дейін жетеді.

РФ Президенті 2015 жылғы 17 шілдедегі № 370 «Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің мобилизациялық адами резервін құру туралы» жарлығына сәйкес, адами ресурстар мобилизациясын жинау әрі дайындаудың жаңа жүйесін сынау жүргізіле бастады[2]. Жаңа жүйе кадрлардың сапасын және санын өсіруге мақсат қойған болатын. БАРС(боевой армейский резерв страны) жоғарыда аталған жаңа жүйе бойынша ендірілген жоба боп табылады. Оның құрамына адам жинау 2021 жылдың күзінен басталған еді. Дәл осы құрамалар кейіннен Украинамен соғыс жүргізуге көптеп жұмсалған.

Росстаттың «Ресей Федерациясының жынысы мен жасы бойынша халық саны» атаулы статистикалық мәліметі бойынша, 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ел тұрғындарының саны 145 478 097 адамды құрады, ер адамдар саны жалпы халықтың 46%-ын алып, 67,7 миллион құраса, олардың арасында 18 жастан 50 жасқа дейінгі әскерге шақыру жасындағы ерлердің жалпы саны 32 360 757 адамды құрады. Шойгу берген мәлімет бойынша, 25 миллиондық мобилизациялық адами ресурсқа әйелдер де кіреді, бірақ саны көрсетілмеген.

Әрине, бұл мәліметтер нақты жағдайды толық көрсетпейді, себебі соғыс басталуы мен жартылай мобилизациялауды жариялаудың өзі жоғарыдағы мәліметке көптеген өзгерістерді енгізді (ең біріншіден, миграция мәселесі бойынша).

Жалпы 1990 жылдардан бастап-ақ, Ресейде халықтың сапалық көрсеткіштерінің күрт нашарлауын байқауға болады: ауыр дертке шалдыққандар санының жылдам күннен-күнгі жылдам өсуі, орташа өмір сүру ұзақтығы қысқаруы (60 жастан сәл ғана асады), жұмыссыздық, еңбек өнімділігі төмендеуі, мамандардың елден шетелге кетуінің толассыздығы ж.т.б. процесстері байқалады. Бұның бәрі түптеп келгенде, мобилизациялауға адами ресурстың сапасын нашарлатуда үлкен рөлін ойнайды. Және дәл осы тұрғыда РФ билігіне жеке әскери компаниялар қызметіне жүгіну өте тиімді. Олар тұрақты әскерге қарағанда мобильді, маневрлі, өз-өзін жабдықтайтын, әрі кейде әскери қимылдарға қатысу тәжірибесі бар, әрі олардың арасынан адам шығыны болса да, халықтың наразылығын аса қатты туындатпайды. Жауапкершілік сұрағына келетін болсақ, олардың сипаты «жеке» болғандықтан, әрі заңи тұрғыда олардың қызметі заңдастырылмағандықтан, мемлекетке жауапкершіліктен қашуға мүмкіндік береді.

2022 жылдың 21 қыркүйегінде Ресей президенті Владимир Путин жартылай мобилизациялау туралы жариялаған еді. Содан бері өткен жылы билік Ресейдегі әскери және мерзімді қызмет туралы заңдарды қатайты, әскерге шақырту саласы реформаларға ұшырады.

Ресей Қорғаныс министрлігінің басылымдарында қатардағы жауынгерлер мен сержанттар үшін мобилизациялау жасы 50 жасты құраса, ал кіші офицерлер үшін – 55 жасқа дейін барады. Әйтсе де, 2024 жылдан бастап бұл шектік көрсеткіш біртіндеп артады деп жоспарлануда. 2024-2028 жылдарға өтпелі кезеңдер көрсетілген, ол бойынша, біртіндеп барып қазіргі шектік көрсеткішкен 5 жылға артады(мысалы, бірінші санаттағы қатардағы әскери қызметшілер бұрынғы 35-тің орнына 40 жылға дейін запаста қалады) [3].

2022 жылдың қазан айының соңында қорғаныс министрі Сергей Шойгу мобилизациялық іс-шараларының аяқталғаны туралы баяндап, оның аясында 300 мың адам әскерге шақырылды,

оған қоса, еріктілер мен келісімшарт бойынша сарбаздарды қабылдау жалғастыруда деп көрсеткен еді. Сонымен қатар, мемлекеттік Думада жарияланған жоспарға сәйкес, Ресей билігі алдында 2023 жылдың соңына дейін 420 мың келісімшарт бойынша сарбаздарды тарту міндеті қойылды.

Баса айта кету керек, Ресейде де, Украинада да жеке әскери компаниялар қызметін реттейтін құжат жоқ, десе де, бұл қызмет түрін заңдастыруға деген ұмтылыстар болды. 2020 жылдың ақпанында депутат Василевская-Смаглюк бастамасымен Жоғарғы Радаға «Әскери-консалтингтік қызмет туралы» құжаттың жобасы ұсынылды. Құжат жобасында назар аудартар пункттерді қарастырсақ. Біріншіден, лицензия алған жеке әскери компаниялар(ары қарай ЖӘК) өз қызметтерін шетелде көрсетеді: консалтинг, миналардан тазарту, физикалық объектілерді не тұлғаларды қорғау жүктелуі мүмкін, бірақ соғысуға рұқсат жоқ. Украина территориясының өзінде болса, қару алып жүруге рұқсат жоқ (бұл тұрғыда Қытаймен параллельді байқауға болады, оның заңы бойынша шетелде жүрген ЖӘК қызметкерлеріне қару алып жүруге тыйым салынған). Ұсынылған заңнаманың күмәнді пункті – украиндық ЖӘК-лер шетелден соғыстық техника/тауарларды сатып алып, оны Украинадағы қоймаларында сақтауға құқылы деп ұсынылған. Бақылау механизмі ретінде арнайы ұлттық комиссия құрылуы атап көрсетілген, бірақ елдің коррупцияға толы тәжірибесін ескеретін болсақ, ол қаншалықты іске асатыны сұрақ туғызады.

Бірақ та зәңі тұрғыда Украина қарулы күштері (УҚК) қатарында шетелдіктерге тартылуға рұқсат бар. Украинаның «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» заңына өзгертулеріне сәйкес, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар әскери қызметке ерікті түрде (келісімшарт бойынша) қабылдануы мүмкін. Сонымен қатар, Украина президентінің № 82/2022 Жарлығына сәйкес, УҚК қатарына қосылуға ниетті барлық шетелдік азаматтарға, және азаматтығы жоқ тұлғаларға уақытша визасыз режим енгізілді. Бір жағынан, бұл Украинаға жеке әскери компанияларды заңдастырмай-ақ, еріктілер ретінде тұрақты армия қатарына қосуға мүмкіндік береді. Ресейге қарама-қарсы, бұндай әрекет халықаралық құқыққа қайшы келмейді, және заңды. Бұндай еріктілерді Украина арнайы топ – Украинаның ұлтаралық қорғаныс легионы қарамағына тапсырады.

Украинада «Вагнер» тобына қарама-қарсы қойылатын «Моцарт» тобы жұмыс істеді. Бұл ұйымды 2022 жылы АҚШ-тың азаматы Эндрю Мильбурн құрған еді. Басты сипаты – түгелдей дерлік Батыс еріктілерінен құрылған. Ресми тұрғыда бұл ұйым АҚШ, Вайоминг қаласында тіркелген еді. Алайда 2023 жылдың 31 қаңтарында Моцарт ұйымы енді «Украинадан кететін бірақ миссиясы басқа атаумен жалғасатынын» жариялаған еді. Оның себебі – ұйымының ішінде қайшылықтар пайда болды: оны құрған Мильбурн мен қаржылық директоры Эндрю Бейн арасында сот ісі қозғалды. Ескеру қажет, Моцартты толықтай классикалық түрдегі жеке әскери компания атау қиын, себебі онда оның басты компоненті жоқ: ұйым өзін коммерциялық сипаттағы ұйым емес, қайырымдылық негізінде жұмыс істейтін ұйым ретінде көреді. Әлуметтік желілердегі жазылған ақпаратқа сәйкес, 2023 жылдың қаңтарында Моцарт ұйымы Соледар бағытында ресейлік әскермен ұрысқа қатысқан.

Басқа бір жеке әскери компания – «Донбасс батальоны» Жоғарғы Раданың экс-депутаты, Украина ұлттық армиясының резерв майоры Константин Гришин құрған топ. Өзінің құрылу жылы, атап айтсақ, 2014 жылы ол Украина қорғаныс министрлігі мен ұлттық гвардияның құрамына еніп, 2014-2021 жж. украиналық билік жүргізген операцияларға белсенді араласты. 2022 жылы бұл батальон қайта құрылып, УҚК-ның бөлімшелерінің біріне еніп, Донецк бағытына жіберілді, және бұл бағытта тек Украина азаматтары ғана емес, Беларусь, Грузия, Әзірбайжан ж.т.б. елдерінің азаматтарын да қамтыды.

Тағы бір жеке әскери компания – «Оң сектордың» әскери бөлімшелері болса Андрей Стемпицкиймен басқарылып, 2022 жылдан бастап Ресеймен соғыста қолданылып келе жатыр, 20

батальоны бар. Өзін-өзі анықтауда «ерікті украин корпусы» деп атаса да, және УҚК және ұлттық гвардиямен тығыз байланыста болса да, құрамында емес, олардан тыс бөлек жұмыс істейді.

UPMC(Ukraine private military company) халықаралық ICoSA(жеке қауіпсіздік қызметін көрсетушілердің халықаралық мінез-құлық кодексі) құрамына кірген ЖӘК.

Жалпы байқалатын тенденция – украиндық ЖӘК-лер өзін солай атаудан аулақ болуға тырысады. Өзін-өзі «гуманитарлық миссия» ретінде, мысалы, тағы бір ЖӘК – негізін салушылар АҚШ азаматтары саналатын «Dark Angels» позициялайды.

Украинадағы ЖӘК-лердің жұмыс істеуіндегі тағы бір ерекшелік – оларды соғыс қимылдарына тартудан гөрі, көбінесе көрсететін қызметі – УҚК күштеріне тренинг/консультациялар жүргізу, біліктілігін арттыру (мысалы, Kellogg, Brown and Root (KBR) и Amentum американдық компаниясы «Азов» ерікті құрылымына оқыту жүргізген), барлау қызметі, кейде кибер-шпионажға дейін де барады (мысалы, Anomaly 6 барлау фирмасы мен британдық Prevail partners бірігіп, құпия ақпаратты ұрлау арқылы Қырым көпіріндегі жарылысқа қатысы бар деп көрсетіледі).

Ресей ЖӘК қызметкерлері мен Украина ЖӘК қызметкерлерін салыстырмалы қарастырғанда, неліктен украиналық жақ асып түсіп, ресейлік жақ қайта билікке қарсы шықты? Мұның себептері келесі факторларға байланысты болуы мүмкін:

1) Мотивацияның жоғары болмауы. Ұмытпау керек, Ресей бұл тарапта "агрессор", бұл жерде патриоттық рух элементі, шабуыл жасалып жатқан украиндықтарға қарағанда сөзсіз басқа сипатқа ие. Бірінші жартылай мобилизациялау кезінде күштеп әкету жайттары да бұған жатады.

2) Ресейлік ЖӘК-лер тұрақты әскерлерде автономды түрде, бөлек жұмыс істеді. Украина жағдайында болса, УҚК-мен(ВСУ) құрамына кіріп, бірігіп- ынтымақтасқан формат болды. Бұл тұрақты әскер мен ЖӘК қызметкерлерінің интеграциясына, және сондап келгенде, жоғары эффективтілігіне әкеледі.

3) Билікке наразылық пен жеке тұлғалық факторлар. Ресей жағынан қарайтын болсақ, Пригожиннің қорғаныс министрлігі, және жалпы Ресей үкіметі жүргізіп жатқан саясатына көңілі толмауы, билікке жеке ұмтылысы әсер етті. Украиналық ЖӘК басшылары толығымен билікпен бірге жұмыс істейді, және соғысқа қатысты курста аса қатты көзқарастары алшақ емес.

4) Халықаралық қауіпсіздік бойынша зерттеуші Э. Джаббаров ойынша, ЖӘК жұмыс жасап жатқан мемлекеттің режимінің сипаты да бұған әсер етеді. Оның ойынша, ЖӘК-лер көбінесе авторитарлық режимді мемлекеттерде билікке қарсы шығады. Демократиялық режимі бар елдерде болса, бұндай компаниялардың жұмысы – үйреншікті жағдай.

Шынымен де, ЖӘК нарығы өте ауқымды, әрі көп табыс әкеледі, және тұрақсыз мемлекеттерде, немесе басқаша «failed states» деп аталатын коррупцияға толы, авторитарлық, не диктаторлық режимдегі елдерде, қызу азаматтық соғыс жүріп жатқан үшінші әлем елдерінде тұрақтауды әдет көреді. Бұл жерде олар орын алған «вакуумды» толтыратын күшке айналып, билікке қол жеткізуге ұмтылуы мүмкін. Кейде бірінші оппозицияны қолдаса, соңында билік жағына(не кереғар) шығып кетуі мүмкін. Немесе инвестиция салған немес жұмыс жасап жатқан трансұлттық корпорацияға осындай елдерде қорған бола алады. Яғни, бұл жерде анық көрінетіні бір – ЖӘК-лер не дегенмен де, көбінесе жағдайдың осы қалпында қалып тұруына(тұрақсыздық, соғыстың жалғасуы) қаржылай мүдделі.

Алдыңғы тезистерді толығырақ қарастыру үшін келесі кестені тамашалайық.

Мемлекет	ЖӘК	Жылы	Себеп
Орталық Африка Республикасы(ОАР)	Ресейлік «Вагнер»	2023 (қараша)	ОАР қарулы күштерін дайындықтан өткізу, және бірге «Өзгеріс үшін жиналған патриоттар коалициясы» көтерілісшілеріне қарсы соғысу. Оларды Мойен Сидо қаласын босату үшін қолданды.

Венесуэла	Американдық «Silvercorp USA»	2019-2020	Басты мақсаты – оппозиция жағына шығып (Хуан Гайдо), Николас Мадуроны биліктен құлатуға тырысу, мемлекеттік төңкеріс ұйымдастыру. Операция сәтсіз өтті.
Сомали	Немістік «Asgaard German Security Group»	2010	Жартылай әскери топтардың бірінің жағына шығып, азаматтық соғысқа қатысу.
Сирия	Түріктік «SADAT»	2020	Сириялық қашқындарды Башар Асад билігіне қарсы қолдану үшін дайындау.
Судан	Ресейлік «Вагнер»	2017-2019	Басында Вагенр бұл елге диктатор Омар Аль-Баширді қолдауға келді, десе де 2019 жылы ол биліктен құлаған сәтте-ақ, оның орнына келген Абдель Фаттах Аль-бурхан жағына шықты. Алтын өндіру бойынша бірнеше контракттарға қол қойылды.
Мали	Ресейлік «Вагнер»	2021-2023	Елдің президенті Ассими Гоит шақыртуымен келіп, Мали қарулы күштерін дайындап, оқытты, және елдегі туарегтердің («туарегтердің ұлттық-ислами азат ету қозғалысы») көтерілісін басуға қатысты. Кидаль қаласын қайтаруға көмектесті. Аумақтағы Франция әскерлерін толық ығыстырып тастады.
Сьерра-Леоне	ОАР-да тіркелген Executive Outcomes	1995	Executive Outcomes-ты Сьерра-Леоне үкіметі жалдап, оның 300 сарбаздары көтерілісшілерді басып тастады, және бейбіт тұрғындарға қарсы да әрекеттер жасалды.
Папуа-Жаңа Гвинея	Британдық Sandline International	1994-1996	Бұл ЖӘК Папуа-Жаңа Гвинея үкіметінің қорғаныс күштеріне көмек көрсету туралы, және Брунвиллдегі көтерілісті басу үшін шарттарға отырды. Оның орнына мұндай компанияларға табиғи ресурстарды игеруде жеңілдіктер ұсынылды, бұл оларға осы елдің экономикасында маңызды рөл ойнайтын акторға айналдырды.
Хорватия	Американдық MPRI	1995	Хорват қарулы күштерімен біріктірілген «Дауыл» операциясының алдында серб анклавын жою мақсаты тұрды.

Ресей	Ресейлік «Вагнер»	2023	Қорғаныс министрі Шойгу және ел президенті Путиннің соғыста жүргізіліген саясатына көңілі толмауы себебінен президентке қарсы төңкеріс ұйымдастырмақшы болды.
-------	-------------------	------	---

### Кесте-1. Билікке/оппозицияға қарсы шыққан ЖӘК-лер тізімі.

Әрине кесте бардық жағдайларды қамтымаса да, белгілі бір заңдылықты байқауға болады. Кестедегі бүкіл дерлік елдерді сипаттайын ортақ сипаттар келесідей: даму деңгейі бойынша төменгі орындарды алатын, күш вакуумы бар, әлсіз үкіметтің билікте болуы, геосаяси тұрғыда ірі державалар арасындағы күрес алаңына айналған мемлекеттер екенін көреміз. Билік не әскери хунтамен бақыланатын әскери диктатура, не автократиялық режим отыруымен сипатталады, демократиялық үрдістердің бұл жерде ізі де жоқ. Бұндай мемлекеттерде ЖӘК мемлекет функцияларының бірінің аутсорсингін жасайды: дәстүрлі түрдегі мемлекеттік соғысу және әскери күшке деген құқығына бақталасады, елдің ішкі жағдайына араласып (ресми үкіметтің шақыртуымен болса да), болашақ тағдырын шешуде үлкен рөл ойнайды. Сондықтан ЖӘК-лердің жағдайы салыстырмалы түрде тұрақты демократиялық мемлекеттерге қарағанда, тұрақсыз автократиялық мемлекеттерде жеке пайдасына байланысты пайда табу мүмкіндіктері кең әрі оңай болғандықтан белсене араласуын, және билікке ұмтылыстарының көбірек болуын неліктен екенін түсінуге болады. Тағы бір фактор, жоғарыда айтылғандай, ірі державалардың мүдделерін де тысқары шығармау керек. Әрине, ЖӘК-лер «жеке» сипат алып жүрсе де, белгілі бір мемлекеттермен байланысы кейде өте анық: бұл жағдайда, олар мемлекет саясатын жалғастырушы құрал ретінде қызмет етеді. Тізімдегі мемлекеттер бұрындары колония болған елдер, және кешегі метрополиялардың әлі күнге дейін ықпал ету әрі қызығушылық алаңына кіретінін ұмытпау қажет.

Сонымен, қорытындылай келетін болсақ, ЖӘК-лер мобилизациялық ресурсқа қосар үлесі зор. Бұған бірнеше себеп бар: 1) халықтың барлығы бірдей бөле бермейтін «рух пен патриотизммен» идеясымен ғана емес, қаржылай төлем арқылы негізделгендіктен, мотивациясы жоғары; 2) дайындық бойынша асып түседі, салыстырмалы түрде тұрақты әскерге қарағанда шығын аз; 3) адам ресурсы азайып жататын болса, қоғам наразалығын аса тудыртпайды; 4) мобилизациялауға жататын адамдар арасынан таңдағанша, дайын, ісіне шебер сарбаздарды таңдау ыңғайлырақ. Теріс жақтарына келетін болсақ, ЖӘК-лердің соғыстың жалғасуына деген мүдделігі және әскери қылмыс санының жоғары болуы мен соғыс әдептерін өрескел бұзу әрекеттері. Жалпы қарағанда, бағзы заманнан бері мемлекеттер «жалдамалы» күштерге жүгініп келген еді, және тарих көрсеткендей, олардың атқаратын қызметтері әркез тиімді деп айтуға келмейді. Мобилизациялық ресурстың құрамдас бөлігі ретінде ЖӘК-лерді тиімді тарту үшін ең бірінші кезекте заңи тұрғыда ЖӘК-ге қатысты «сұр аймақтардың» реттелуі маңызды шарт.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Федеральный закон от 26.02.97 N 31-ФЗ о мобилизационной подготовке и мобилизации в Российской Федерации — Редакция от 25.12.2023. URL: <https://normativ.kontur.ru/document?moduleId=1&documentId=463309>
2. Указ Президента РФ от 17 июля 2015 г. N 370 "О создании мобилизационного людского резерва Вооруженных Сил Российской Федерации". URL: <https://base.garant.ru/71135680/>
3. Марина Шаипова. Военные сборы запаса 2024: призывной возраст, даты и место проведения// Информационное агенство «Известия» от 1 марта 2024. URL: <https://iz.ru/1455213/mariia-shaipova/prizyv-zapasa-kto-otpravitsia-na-voennye-sbory-v-2023-godu>



4. Назгуль Абжекенова. В Казахстане могут появиться частные военные компании?// Информационное агентство «Голос народа» от 24 февраля 2023 года. URL: <https://golos-naroda.kz/15410-v-kazahstane-mogut-poiavitsia-chastnye-voennye-kompanii-1687602696/>

5. Sergei, Sukhankin Russian PMCs in the Syrian Civil War: From Slavonic Corps to Wagner Group and Beyond / Sukhankin Sergei. — Текст : электронный // The Jamestown Foundation : [сайт]. — URL: <https://jamestown.org/program/russian-pmcs-in-the-syrian-civil-war-from-slavonic-corps-to-wagner-group-and-beyond/> (дата обращения: 29.03.2024).

УДК 327.8

## ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ДИПЛОМАТИЯ: ТЕОРИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

**Амиров Алишер Болатович,**

[amirovalisher@gmail.com](mailto:amirovalisher@gmail.com)

магистрант факультета международных отношений

ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Г.Е. Ибрагимова

Степень значимости экологических проблем и возрастающая необходимость в их незамедлительном разрешении обусловило принятием большинством государств экологической повестки в качестве одной из главных направлений их внутренней и внешней политики. Международные организации, общественные движения, неправительственные организации в совокупности с государствами все чаще обращаются к вопросам окружающей среды, становясь активными сторонниками в современных международных отношениях.

Еще одной отличительной чертой наступившего тысячелетия стало возросшее внимание к поиску новых форм международного общения, более гибких и эффективных форм дипломатии. Поэтому все чаще наряду с классической, традиционной дипломатией в арсенале внешнеполитических ведомств различных государств появляются такие формы дипломатии, которые, как правило, следует относить к «мягким» способам международного воздействия [1]. В эту категорию можно отнести и экологическую или «зеленую» дипломатию, которая все чаще стала проводиться как государствами, так и международными организациями.

Экологическая дипломатия как явление XX–XXI вв. возникла в результате реакции мирового сообщества на возрастающую угрозу экологической катастрофы. Экологическая дипломатия является новым направлением международной деятельности. Оно берет свое начало во второй половине XX века. Активное использование термина экологическая дипломатия началось после создания программы Организации Объединенных Наций по окружающей среде (ЮНЕП), когда экологические вопросы приобрели значимость на глобальной арене. Еще более широкое применение этого термина началось после проведения в 1992 г. Конференции Организации Объединенных Наций по окружающей среде и развитию в Рио-де-Жанейро, известной как Саммит Земли.

Основополагающими документами, которые служат правовой основой для развития «зеленой» дипломатии на международном уровне, являются устав ООН 1945 года, декларации о принципах международного права ООН 1970 года, Стокгольмская декларация 1972 года, декларация Рио-де-Жанейро по окружающей среде и развитию 1992 года и Всемирная хартия природы 1982 года. Особое внимание хотелось бы обратить на проект Международного пакта по окружающей среде и развитию 1995 года, в котором устанавливается принцип обеспечения и соблюдения конституционных экологических прав человека как одного из принципов международного сотрудничества в сфере охраны окружающей среды.